

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности рынка услуг специфические характеристики самих услуг и особенности восприятия их потребления.

SUMMARY

In this article particular features of marketing services, their specific characteristics and features of its perceptions by consumers.

Г.С. КӨПЖАСАРОВА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАУАР СЕРТИФИКАЦИЯСЫ

Ақтөбе “Дүние” университеті, Ақтөбе қаласы

Қазақстанда қазіргі кезде бұл салада жоғары жетістіктермен жұмыс істеп отырған кәсіпорындар да баршылық. Мысалы, Петропавл қаласындағы электроизоляциялық материалдар істеп шығару кәсіпорыны (ТОО «ППЭИМ») өз өнімдерінің 80%-ін шетелге шығарады.

Петропавл қаласындағы ауыр машина істеп шығару зауыты Қазақстанда 1-ші болып халықаралық ИСО-9001 сапа сертификатын алған. Қазір осы зауыт мұнай бұргылау кәсіпорындарында техникалық құрал-саймандар мен теміржол магистралдары үшін казіргі заманғы құрал-жабдықтар мен техникалық инструменттер даярлап береді. Зауыт өнімдеріне Англия, Жапония және басқа да дамыған мемлекеттерден сұраныс жыл сайын көбейіп келеді.

Алда Қазақстанның бүкіл әлемдік сауда үйымына кіруге дайындығы аясында отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін арттыруға маңыз бере отырып, облыста кәсіпорындарды сапа мен қоршаған ортаны қорғаудың

халықаралық ИСО сериялы 9000 және 1400 стандартына жеделдетіп көшіру жөнінде белсенді жұмыстар жүргізілді. Жыл қорытындылары бойынша ИСО халықаралық стандартына сәйкес Актөбе облысының 29 кәсіпорыны сертификатталды, 7 кәсіпорын соны енгізуге дайындық үстінде.

«Сертификация» ұғымына тоқталып кетелік, оны латын тілінен аударғанда (*certifico*) – қуәландырамын деген мағынаны білдіреді немесе латынның екі сөзінен *sertum*-дұрыс және *facere*- жасалған сөздің бірігуі нәтижесінде құралған.

Сертификация – өндіріс қызметінің, тауардың, қызметтің нәтижесінің нормативтік талаптарға сәйкес келуін қуәландыратын процедура және оның қойылған талаптарға сәйкестігін 3-ші жақ құжат ретінде растайды.

Сертификаттау екіге бөлінеді: міндетті және еркін.

Міндетті – бұл экономиканың заңды реттелетін аумағында жүзеге асырылады. Міндетті сертификацияны өндірісі дамыған елдердің барлығы қоғамды және азаматарды деңсаулыққа, мұлікке, қоршаған ортаға зиян келтіретін тауарлар мен қызметтерден қорғау құралы ретінде колданылады.

Еркін – шаруашылықтың реттелмейтін ортасында қолданылады. Еркін сертификация бүгінгі нарық қатынастарының бүлінбейтін бөлігі, ол тауарлар мен қызметтердің бәсеке қабілеттілігін арттыруды ынталандырудың ролін атқарады.

Қазақстан Республикасында 1999 жылы 16 шілдеде №431-1 сертификация жөніндегі заң қабылданды. Занға төрт рет өзгерту енгізілді, енн соңғы өзгерту 2003 жылдың 10 қазанында №432-2 бүйрүғына сәйкес жүргізілді.

Сертификация жөніндегі заң К I тарау 20 балтан тұрады.

I тарау – Жалпы жағдайы (1-3 бап);

II тарау – Сертификация облысындағы мемлекеттік реттеу және басқару (4-13 бап);

III тарау – Сертификацияның мемлекеттік бақылануы және сертификацияланған өнім, процесс, қызмет жұмыстарды инспекциялық бақылау (14-17 бап);

IV тарау – Сертификацияны каржыландыру жұмыстары (18 бап);

V тарау – Сертификациялау зандылығын бұзған кездегі жауапкершілік (19 бап);

VI тарау – Сертификациялаудығы даулысу (20 бап).

Қорыта келер болсақ халықаралық ИСО стандарты ҚР-ның кәсіпорындарында түгелімен енгізілген болса, ол мемлекетіміздің тауарлық бәсеке қабілеттілігін арттыратын бірден- бір тиімді жолы деп қарастыруға болады.

ҚР 2012 ж. дейінгі президент жолдауына сәйкес бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің катарына косылу үшін ең бастысы ИСО стандартын кәсіпорынға толық енгізу керек. Егер толығымен енгізілсе еліміз саяси- әлеуметтік, мәдени- экологиялық тұрғыдан дамумен катар, жаңа сатыға көтеріле отырып, тұрақтылық, тұтастық пен тыныштық сақтайтын, жауапты, сенімді серіктес екендігін нақты дәлелдейді.

Қазақстанды экономикалық жаңарту мен халықаралық рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың қосымша құралы ретінде (Бұкілодақтық сауда ұйымы) БСҰ-ға кіру мақсаты көзделіп отыр. Қазақстанның БСҰ-ға кіруі жолындағы келіссөз үрдісі токтаусыз жүргізіліп жатыр. Республиканың сауда режимін реттейтін зандарының едәуір бөлігі қазірдің өзінде БСҰ нормаларына сәйкес келтірілді немесе Парламентте талқылану үстінде деп, Елбасымыз 2006 жылғы 1-наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге берінша қабілетті 50 елдің қаратына кіру стратегиясы» атты халыққа жолдауында атап көрсетті. БСҰ-ға кіру шенберіндегі біздің экономикамызды құрайтын ұлттық өнімдеріміздің басты мәлелесі – халақаралық стандартта сәйкестігі.

Бұғінгі таңда өндірістің рыноктағы кажеттілігі мен бәсекеге кабілеттілігі шығарылатын өнім сапасына байланысты. Яғни сапаға бағытталған тиімді басқару жүйесі болуы керек.

Қазіргі кезде халықаралық және салалық деңгейлерде өнім, қызмет көрсету, коршаган ортаны қорғау, адам денсаулығын сактау, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелер колданылады және ISO 9000, ISO 14000, OHSAS 180001, НАССР, QS 9000, TL 9000 сиякты стандарттар және ұсыныстармен жарияланған. Сапа менеджменті жүйесіне сертификаттаудың болуы тек жетекші кәсіпорындармен бәсекелесуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен катар әлемдік экономикаға есік ашады.

Останық кәсіпорындар үшін сапа менеджменті мен экологиялық менеджмент халықаралық стандарттарын колдану халықаралық нарыққа шығу және шетелдік партнерлермен ұзак мерзімді қатынастар орнату негізі, сонымен катар ішкі нарыкта қалу тәсілі болды.

Бұғінгі сертификация халықаралық саудаға септігін тигізуге арналғаны көрініп отыр. Сертификацияның дамуымен сертификатталған тауарды кіргізу үшін рұқсат алу мерзімдері мейлінше қыскаруда, кабылдаушы елде сәйкестік сертификаттарын таныса, қайтадан тексеру талап етілмейді. Сертификация сауда кілтіне айналды.

Халықаралық нарыкта табысты жұмыс жасау үшін оның ережелерін игеру және ол қоятын талаптарға сай болуы кажет. ХСС сертификатының болуы – осы нарық талаптарының бірі. Және ол жеткізуши елде танылатын сертификациялық органдармен берілуі керек. Бұның халықаралық нарыққа шығуы шетелдік тапсырушылармен, тұтынушылармен сенімсіздікпен қабылданатынын Қазақстандық кәсіпорындар ескеруі манызды.

Айта кету керек, сапа жүйесіне сертификатты алу ақау мен деффектінің болмайтынына кепілдік бермейді. Көп нәрсе сапа менеджменті стандарттағы құндылыктарды түсіну деңгейі мен стандарт ұсыныстарына жүзеге асыруға тәуелді. Егер жетекші үшін бизнесте бастысы тек ақша болса, онда оған

тиімді сапаны басқару жүйесі емес, өзіне пайда әкелетін кәсіпорын беделін көтеру үшін оған сертификат қажет. Тәжірибе көрсеткендегі, кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйесін енгізу табысқа өзінің ішкі интелектуалды ресурстарын толық пайдаланған жағдайда ғана әкеледі.

Кез-келген мемлекет экономикасы көбіне халықаралық байланыстар мен оны жүзеге асыруши экспорттына тәуелді.

Өнімді сертификаттау мен нарыққа кедергісіз жылжуын қамтамасыз етерде туындастын техникалық тосқауылдарды жою мақсатында аккредитация бойынша ұлттық органдармен сертификаттау жұмыстарын тану жүргізіледі. Бір уақытта ұлттық арттыру жүйелері санының артуымен олардың айырмашылықтары анықырақ белгіленуде. Бұл айырмашылықтар сәйкестікке сертификациялық тәжірибелер жүргізілетін стандарттар сиякты, сертификация енгізуге негіз болған заңдар мен сол сиякты сертификация ережелерімен және процедуralармен байланысты. Бұл ЕСҰ мүшесі болып табылмайтын елдер үшін өте маңызды. Осылан байланысты сертификацияның халықаралық саудадағы техникалық тосқауыл ретіндегі рөлі басқа. Сертификациялық тосқауылдар басқа да себептер бойынша туындаиды. Ішкі нарықта шетелден келген тауарлардың енуінен сақтау ниеті мемлекеттің шарты әкімшілік сертификациялау және бакылау ережелерін қолдануға әкеледі, бұл шетелдік сертификаттарды тану тәртібінде көрінеді. Осылай біздің республикамыздың кедендейкі кодексті қабылдау мен импорттаушы кәсіпорындарға өндіруші – елде сертификаттаудан өткен және бізде танылатын сертификаттары бар тауарды әкелу тиімді.

Сертификаттау нәтижелерін мойындау өнімді экспорттауда да көрінеді. Қазақстанда сертификаттаудан өткен өнім тек ТМД-да қосымша сәкестікті нақтылау процедурасынан өтпей шығарыла алады, себебі Қазақстандық сертификаттар тауарды алыс шет елге шығаруда мойындалмайды. Сондықтан бүгінгі таңда тұракты тауар экспорттымен айналысуши фирмалар өте қажет болғанда өз өнімдеріне сертификаттауды

Ресейде сәйкесінше келісімі бар органдарда немесе халықаралық нарықта мойындалатын халықаралық аккредитацияланған өкілділіктерге рәсімдейді.

Айтылғандарды ескере отырып, біздің еліміздегі сертификаттарға сенімді арттыру үшін сертификациялау, аккредитациялау нәтижелерін өзара мойындау механизмін дайындау кажет.

Мұндай сенім егер аккредитациялау мен сертификациялау бойынша ұлттық органдар бірыңгай ережелер мен нормаларды қолданатын болса пайда болады. Бұл бағытта Қазакстанда тарифтік емес, техникалық реттеу моделіне көшу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ұлттық зан шығарушы және нормативтік құжаттарды кайта қарау және оларды халықаралық талаптарға келтіру бойынша үлкен де ұзак жұмыс түр.

Сертификациялаудың шетелде мойындалуына сертификациялық тосқауыл саласында өзара кенестер мен түсіндірүлер өзара ақпараттандыруды камтамасыз ететін өзара мойындау туралы келісімдерге отыру септігін тигізеді. Келісімдер сәйкестікті бағалау процедурасы мен оның нәтижелерін мойындау мәселелерін қарастырады. Келісім негізінде бір жақ екінші жақтың сәйкестікті дәлелдеу нәтижесінде алынған нәтижелерді қабылдайды.

Келісімдердің жалпы принципі ішкі өндіріс тауарларына карағанда импорттаушы өнім үшін қолайлы жағдай қалыптасуы керектігінде. Бұл тарифтік емес тосқауылдар мен оларды жою жолдарымен байланысты принцип тарифтер мен сауда бойынша жалпы келісім жайдайларында көрініс табады.

Сертификаттау нәтижелерін өзара мойындау үшін ең тараған тәжирибе бұл сертификаттау бойынша органдар арасындағы екі жақты немесе көпжақты келісімге қол қою. Сонымен катар, бұл принциптің кемшілігі мойындаушы органдардың шектеулі саласы, сонымен катар эксперttік бағалауға каржылық шығындар және келісімге отыру үшін кажет үлкен мерзімдер болып табылады. Осыны ескере отырып, сертификациялау

органдары нәтижесінде кәсіпорын экспорттауға жол ашатын 2-3 сертификат алатын біріккен сертификациялық аудиттер жүргізуді тәжірибеден өткізу.

Халықаралық деңгейде аккредитациялық органдар арасында өзара мойындау жүргізу көп таралуда. Ол тәжірибе аккредитациялау бойынша Халықаралық форуммен (IAF) ұсынылған. Мұндай процедурада сертификациялау органдары сәкесінше келісімге кол қойған органдар аккредитациялаудан өтеді, ал олардың берген сәйкестік сертификаттары аккредитациялық органдардың көп жақты келісімінің қатысуышылары болып табылатын барлық елдермен танылатын болады.

Қазіргі кезде Қазақстанда IAF Халықаралық ұйымына кіру бойынша келіссөздер жүргізу жоспарланған. Бірақ бұл үшін зан шығарушы және нормативтік базаны өнім, процестер (жұмыстар) және кызметтер қауіпсіздігі саласында техникалық нормалаудың халықаралық тәжірибесімен сәйкестікке келтіру қажет.

Әдебиеттер:

1. Котлер Ф. Основы маркетинга/перевод с англ.- М.; «Ростингер», 1996
2. Котлер Ф. Маркетинг-менеджмент/Пер.с англ. Под редакцией Л.А. Волковой, Ю.Н. Каптуревского.- СПб: Питер, 2000
3. Дж. Р.Эванс, Б.Берман. Маркетинг М; 1990 г.
4. Современный маркетинг. Под.ред.В.Е. Хруцкого. М, 1999 г.
5. Маркетинг: учебное пособие/Под ред. Д.э.н., профессора Мамырова Н.К- Алматы: экономика, 1999
6. Маркетинг: Учебник под ред. А.Н.Романова- М.; Банки биржи, ЮНИТИ, 1996
7. Международный маркетинг: Учебное пособие для ВУЗов/ Г.А. Васильев, Л.А.Ибрагимов, Н.Г.Каменева и др.: М.; ЮНИТИ-ДАНА, 1999
8. Багиев Г.Л. и др. Маркетинг: Учебник для ВУЗов - М.; ОАО «Издательство»

ТҮЙІН

Сертификациялаудың шетелде мойындалуына сертификациялық тоскауыл саласында өзара кеңестер мен түсіндірүлөр өзара акпараттандыруды қамтамасыз ететін өзара мойындау туралы келісімдерге отыру септігін тигізеді.

SUMMARY

This article points out the problem of development of sertification of goods and its future work.

С.В. КРУПОДЁРОВА

ПРИЧИНЫ И МЕХАНИЗМЫ ПРОЯВЛЕНИЯ ТРЕВОЖНОСТИ ПОДРОСТКОВ

Актобинский университет «Дуние», г. Актобе

Тревожность – очень широко распространенный психологический феномен нашего времени. Тревога – это эмоциональное состояние, возникающее в ситуациях *неопределенной опасности* и проявляющееся в ожидании неблагоприятного развития событий. Для каждого возрастного периода существуют определенные области, объекты действительности, которые вызывают повышенную тревогу большинства детей вне зависимости от наличия реальной угрозы или тревожности как устойчивого образования. Эти возрастные пики тревожности являются следствием наиболее значимых социальных потребностей.

Подростковым принято считать период от 11 до 16 лет. Он знаменуется бурным психофизиологическим развитием и перестройкой социальной